

Ақмола облысы
білім басқармасы

Управление образования
Ақмолинской области

«Ақмола облысы білім
басқармасының Аршалы
ауданы бойынша
білім бөлімі» ММ

ГУ «Отдел образования
по Аршалынскому району
управления образования
Ақмолинской области»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

11 қыркүйек 2024 жыл № 341-Б

Аудан мектептерінде оқушылар үшін
ыстық тамақ ұйымдастыру бойынша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы (жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 949 қаулысы) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп директорларына:


- 1) Білім алушыларды тамақтандыруды санитариялық-эпидемиологиялық нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастыру тапсырылсын.
- 2) Тамақтандыру талаптарын бұзушылық орын алған жағдайда себептері дереу анықталып, аудандық білім бөліміне уақытылы хабарлауды тапсырылсын.
- 3) Мектепшілік әлеуметтік жеңілдіктерге сәйкес ыстық тамақпен қамтылуы тиіс білім алушыларды анықтайтын комиссия мен тамақ сапасын бақылайтын комиссияның жұмыстарын үнемі жүргізіп отыру тапсырылсын.
- 4) Білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша интернет-ресурстағы «Мектептік тамақтандыру» айдарында күнделікті ақпаратты орналастыруды қамтамасыз ету (тағамдардың фотосуреттері, бағалары коса берілген күнделікті мәзір) тапсырылсын.
- 5) Әр айдың соңғы аптасының бейсенбі күні атқарылған жұмыстардың есебін тапсыру жүктелсін.

2. Мектептердің тапсырған есептеріне сәйкес әр айдың бірінші аптасында арендаторлармен қаржылай есеп айырысу білім бөлімінің бас есепшісінің міндетін атқарушы Н.В.Рауға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-н әдіскері Т.Ж.Мамбетовқа жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-н аудандық әдістемелік кабинет меңгерушісі Зульфия Мохарьямовна Таласпаеваға жүктелсін.

Басшы


 Ж.Кайрмденов